

МОРИС ШАМИС (СИМАШКО)

A black and white portrait of Moris Shamis, an elderly man with thinning hair, looking directly at the camera with a neutral expression. He is wearing a dark, textured sweater.

100 ЛЕТ *СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ*

**ЧЕТВЕРТЫЕ МЕЖДУНАРОДНЫЕ
ЛИТЕРАТУРНЫЕ ЧТЕНИЯ,
посвящённые творчеству
Народного писателя Казахстана**

Ассамблея народа Казахстана
Евро-Азиатский Еврейский Конгресс
Объединение юридических лиц Ассоциация «Мицва» РК
Институт литературы и искусства
имени М.О. Ауэзова КН МНВО РК

100
ЛЕТ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ

МОРИС ШАМИС (СИМАШКО).

Четвертый международные литературные чтения,
посвящённые творчеству Народного писателя Казахстана

*Издание осуществлено
при спонсорской поддержке
семьи Алекса Гильмана*

Алматы
2024

УДК 821 (574)
ББК 84 (5Каз-Рус)
М79

Руководитель проекта А.И. Барон

Редакционная коллегия:

А.А. Арцишевский, С.В. Ананьева (ответственный редактор),
А.И. Барон, К.Н. Галай, А.Н. Карлюкевич, М.А. Кулкенов,
К.С. Матыжанов, И.А. Чугайнова

Морис Шамис (Симашко). Четвертые международные литературные чтения, посвященные творчеству Народного писателя Казахстана Март 2024 г., Алматы, 2024 г. – 372 стр.; Язык – казахский, русский, английский.

Типография «VESTA»

ISBN 978-601-06-9442-2

Научные статьи и публикации, включенные в данный сборник, составленный по итогам Международной научно-практической конференции «Поэтика литературного текста и художественный перевод», посвящены культурному смыслу художественных произведений М. Симашко и коммуникативным стратегиям известного писателя. Литературоведы, театроведы, критики, преподаватели вузов, общественные деятели, писатели прослеживают трансформацию архетипических мотивов, сюжетов, образов в творчестве М. Симашко в русле мифопоэтики литературы Казахстана. Проза казахстанского автора с мировым именем определяется как лиро-эпическая и историко-хроникальная, сравнивается с произведениями Ф. Достоевского, Л. Толстого, Г. Уэлса, Л. Украинки, поэзией М. Лермонтова и Н. Коржавина, сказками П. Бажова, с прозой белорусского автора В. Короткевича и А. Гайдара, современных писателей Казахстана В. Михайлова, Е. Турсунова и многих других.

Сборник адресован филологам-литературоведам, специалистам-гуманитариям и широкому кругу читателей, любителей художественной словесности.



© Объединение юридических лиц Ассоциация «Мицва»
Республики Казахстан, 2024 г.

Владение двуязычной палитрой обогатило их творчество, расширило диапазон, позволило казахстанской литературе выйти на большую международную арену».

Известна также его цитата: «Казахстан – поистине зеркало мира со всеми его проблемами и надеждами. Представляя из себя сердцевину континента, он волею исторической судьбы вместил в себя, по выражению поэта, «все Бастилии грешной земли». Мировые религии и сопутствующие им конфессии в той или иной мере представлены здесь и мирно соседствуют, молча сопротивляясь давлению изнутри фундаменталистских и прямо экстремистских элементов, меньше всего осиянных светом божьим». М.Д. Симашко стал лауреатом №1 казахстанской Президентской премии мира и духовного согласия.

Он любил Казахстан, где прошла значительная часть его жизни, ценил творческих людей, и сам внес весомый вклад в развитие его культуры и литературы, прославив республику своими произведениями в разных странах мира.

ОРДА ГҮЛЖАҒАН

Әдебиеттегі тарихылық пен жанрлық ізденістер

Қазақ ПЕН-клубының негізін қалаушылардың бірі, Қазақстанның Халық жазушысы, Президенттік Бейбітшілік және Рухани келісім сыйлығының және Абай атындағы сыйлықтың лауреаты, белгілі жазушы, драматург, аудармашы, публицист Морис Симашконың 100 жылдық мерейтойы биылғы жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына қарасты «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында аталып өтті. Халықаралық деңгейдегі конференцияны Симашко оқуларын Қазақстандағы «Мицва» еврей қауымдастығы, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сараптамалық тобы бірігіп ұйымдастырды.

Сонымен бірге биылғы жылы ҚР Ұлттық кітапханасының «Қазақстан кітаптары» қызметінің О.Жандосов атындағы оқу залында Қазақстанның Халық жазушысы, драматург және аудармашы Морис Давидович Симашконың 100 жылдығына орай «Проза жанрының суреткері» атты кітап көрмесі ұйымдас-тырылды.

Жыл сайын өтетін Симашкин оқулары аясында өткен халықаралық конференцияны модератор, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Аналитика және халықаралық әдеби байланыстар бөлімінің меңгерушісі Ананьева Светлана Викторовна жүргізіп отырды. Халықаралық конференцияға Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы Кенжехан Матыжанов бастаған мәдениет пен әдебиеттің көрнекті өкілдері қатысып, жазушы жайлы естеліктерімен бөлісіп, шығармашылығы туралы тың ойларын ортаға салды.

Морис Симашкоға арналған конференцияда Қазақстандағы "Мицва" еврей қауымдастығы кеңесінің төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі Александр Барон жыл сайын өтетін дәстүрлі Морис Симашкин оқуларының жинағын шығарып отырғанын айта келіп, Морис Симашконың 100 жылдық құрметіне шығарылған медальдарды табыс етті. Мерекелік сыйлық жазушының әдеби мұрасын зерттеуге және насихаттауға үлес қосқан зерттеушілерге табысталды.

Конференцияда Қазақстандағы тарихи проза жанрының негізін қалаушылардың бірі Морис Симашконың халықаралық Қазақ ПЕН-клубының құрылуына, Қазақстан мен Израиль арасындағы шығармашылық байланыстарды орнатуға белсене қатысқаны кеңінен сөз болды. Жазушының мәдениет пен әдебиетке сіңірген еңбектері Президенттің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығына, әдебиет саласындағы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа, басқа да марапаттарға ие болғаны жөнінде айтылды. Ол Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» дилогиясы мен І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын аударғаны үшін 1986 жылы Абай атындағы Қазақстан

Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Аудармашы Д.Досжанның «Жібек жолы», Ө.Қанахиннің, Т.Әлімқұловтардың шығармаларын орыс тілінде сөйлетуде Орталық Азия халықтарының тарихы мен этнографиясын жақсы білетіндігін көрсетті.

Аудармашының қазақ тарихы мен мәдениетінің білгірі екендігін қыпшақ даласынан барып Мысырды билеген атақты сұлтанБейбарыс туралы «Емшан» («Жусан») повесі, Әліби Жанкелдин туралы «Дала комиссары» пьесасы, ағартушы педагог Ыбырай Алтынсарин туралы «Қоңырау» повесінен көруге болады. Жазушының аудармашы Әбілмәжін Жұмабаев қазақшалаған Бейбарыс сұлтан туралы «Жусан» шығармасын көпшілік оқырман жылы қабылдады. ОлБейбарыс сұлтан туралы «Жусан» повесін О.Сүлейменовтің айтуы бойынша жазса, повесть желісімен «Қазақфильм» киностудиясы «Сұлтан Бейбарыс» көркем фильмін түсіріп, 1989 жылы экранға шығарды. Сол уақыттан бері аталған фильм көпшілік көрерменнің ыстық ықыласына бөленуде. Жазушы, драматургтың кеңестік дәуір тұсында екінің бірі бара бермейтін тарихи тақырыптарға барғанын аталған шығармаларынан көруге болады.

Әдебиеттегі тарихилыққа өлшеусіз үлес қосқан жазушы, драматург, аудармашы Морис Симашконың осы үрдісі бүгінгі таңда да өз жалғасын табуда. Қазіргі таңда қазақ прозасына үлес қосып жүрген бір топ жазушылар тарихи тақырыптарда қаузап жазып жүрсе, жас жазушылар өздерінің көркемдік ізденістерімен танылуда. Соңғы ширек ғасырдағы әдебиетте Тоныкөк, Мүде хан, Шыңғыс хан, Бейбарыс сұлтан, Есім хан, Абылай хан, Кенесары хан, Шу батыр, Қабанбай батыр, Райымбек батыр, Шақантай батыр, Жарылғап батыр, Бердіқожа батыр, Мама батыр, Сырым батыр, Балуан шолақ, Оспан батыр, Есенгелді би, Жарылғап би, Шоң би, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамбетұлы, Мұстафа Шоқай тәрізді ұлт көсемдерінің жарқын бейнесі сомдалды.

Ұлттық әдебиетте қазақ халқының тарихынан үлкен орын алатын Тұмар ханымнан бастап, Домалақ ана, Мүде ханның ақылды жары, Көшім ханның жары Сүзге ханым, Бөрте, Болай, Күнімжан ханымдар, Сырым батырдың жары Ұлбала, Қабанбай

батырдың жары Гауһар, қызы Назым, Абылай сұлтанның қызы Айтолқын, Бұланбай батырдың қызы Айбике, Данай және Бәкей қыз тәрізді қазақ батырларының жігеріне жігер, қайратына қайрат, намысына намыс қосқан дана да дара, ержүрек батыр қазақ аруларының көркем галареясы жасалды.

Жазушылардың романдарына түркі қағанатынан бастап, әр дәуірдегі қазақ тарихының қилы кезеңдері арқау болды. Илияс Есенберлин, Әбіш Кекілбаев, Әнуар Әлімжанов, Софы Сматаевтардың тарихи романдарын Қабдеш Жұмаділов «Дарабоз» роман-дилогиясымен жалғастырды. ХҮІІІ ғасырдағы тарихи тұлғаларының бірі Қаракерей Қабанбай батыр туралы роман Абылай хан бастаған хандар мен батырлар, билер мен шешендер туралы кеңестік дәуірдегі біржақты көзқарасты жоққа шығарды. Зейнолла Сәніктің «Қаракерей Қабанбай» тарихи-эссесінің (1991) қатары Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» (1996), Зейнолла Тілеужановтың «Қаракерей Қабанбай» (2009) тарихи роман-дилогиясымен толықты. Аталған романдарда ХVІІІ ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі тарихи оқиғалар бас қолбасшы Қабанбай батыр төңірегіндегі қанды шайқастармен баяндалса, Ұ.Доспанбетовтің «Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы» атты төрт кітаптан тұратын роман-эпопеясына Қаратау мен Іле, Сырдария, Шу, Қаратал өзендерінің бойында осыдан үш ғасыр бұрын өткен, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен сақталған қазақ-қалмақ қақтығыстары көркем бейнеленді. Жазушылар елі мен жерін сыртқы жаудан қорғаудағы батырлардың жанкешті ерлігі, қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы сан ғасырлық күресі арқылы жауынгер қазақ халқының ерлік дәстүрлеріне жан бітіріп, романдардың негізгі лейтмотивіне (өзегіне) айналған адам, халық, ел, ұлт, мемлекет дербестігі туралы ұстанымдарын ұсынды.

Жас қаламгерлердің ұлттық және әлем әдебиетінде қалыптасқан классикалық үлгімен бірге мазмұндық, түрлік ізденістерге барып жүргенін баса айтуға болады. Тарихи тақырып кез келген қаламгердің шығармаларынан орын алса, фантастикалық шығармалар жазып жүрген жастар қатарында Жақсылық Әлиханнның «Жеті құрылық», Айдана Қайсарбектің шығармаларын, мистикалық шығармалар жазып жүрген

Қойшыбек Мүбәрәктің «Құбыжық», «Айдың соңғы сәрсенбісі» әңгімелер жинағын, Қ.Әбілқайырдың «Жылан кегі» повесі мен Айдана Қайсарбек, Бақытбек Қадырдың әңгімелерін ерекше атауға болады. 2023 жылы детектив жанрында жастар арасында байқау ұйымдастырылды. Сол байқаудың нәтижесі жөнінде әдебиеттанушы ғалым Б.Жақып былай деген болатын: «Қазақстанның түкпір-түкпірінде Кемел ағаның ізбасарлары бар екен. Олар: ақтөбелік Зияш Телеуова, астаналық жас талант Абай Аймағамбетов, Алматыда тұратын Заря Жұманова, Нұрлыбек Саматұлы, Бақытжан Қанапиянов, Ғабдол-Сәбит Юсупов, Самал Зікірия, Шаяхмет Алжанбай, Құрманхан Нұрымбетов, Бенкен Нұрахмет, Елеусіз Мұратов»[1, 18]. Аты аталған қаламгерлердің ішінде Абай Аймағамбетов К.Тоқаевтың 100 жылдығы қарсаңында детектив жанры бойынша жарияланған республикалық бәйгенің бас жүлдегері атанды. Екіншісі бірі бара бермейтін детективті шығарма жазып жүргендердің қатарында Абай, Бақытбек, Қадыр және бір топ жастардың жүруі қуантады.

Мерзімді басылым беттері мен поэзиялық жинақтарда өлеңдері шығып жүрген тәуелсіздік құрдастарының жырлары Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Алматы қаласы әкімдігінің қолдауы бойынша «Тәуелсіздік сөзі» сериясымен жарық көрді. Авторлық жинақтары жарық көрген отыз жас қаламгердің ішінен Талап Шерханның «Адасқақ ойлардың аспаны», Тілеген Асыланның «Бойтұмар», Батырхан Сарсенханның «Мәңгілік гүл», Дүйсенәлі Әлімақынның «Ол құстың аты – еркіндік», Ерқанат Қуатбекұлының «Ақ жауын», Бауыржан Мырзақұловтың «Ышық», «Толунай», Роза Аспанқызының «47», Бауыржан Майтайұлының «Қаладағы жылқы дауысы», Дініслам Абитилданың «Үнсіздік әуені», Айдана Қайсарбекқызының «Құр – Ман», Қуаныш Жазайдың «Толқынға қарсы», Бауыржан Әліқожаның «Хұснихат», Нұрсәуле Толқынның «Топырақ иісі», Тұрсынбек Башардың «Интертекст», Еркежан Бейсенбекқызының «Ана жүрегіндегі өмір», Нұртас Тұрғанбектің «Жан жылайды», Ерзат Асылдың «Құлағымда тұяқтардың дүбірі», Ретбек Мағаздың «Шексіздік үні», Әрібибек

Өр Алтайдың «Марқажүрек», Алтыншапақ Қаутайдың «Ай шапағы» жинақтарын атауымызға болады.

Осы үрдіс жалғасын тауып, 2022 жылы «Мазмұндама» баспасы бір топ жастардың новеллалары мен әңгімелерін жинап «Дауыс» әңгімелер антологиясын шығарды. Антологияның «Жастар жинағына оң жол» атты алғы сөзінде М.Мағауин «Советтен тыс қоғамда өмір кешкен жазушының бәрі бақытты... Қыспақсыз, алаңсыз он жыл еңбек еткен қаламгердің арманы жоқ», – деген екен [2, 5]. Жинаққа енген авторлар – тәуелсіздіктің құрдастары болғандықтан сөз бостандығын тиімді пайдаланып жүрген қаламгерлер. Олар – Бақытбек Қадыр, Досхан Жылқыбай, Арман Әділбек, Есбол Нұрахмет, Әлішер Рахат, Темірлан Қылышбек, Сафина Ақтай, Жәудір Нартай, Санжар Бекжанов, Берікбол Батандар.

2020 жылғы республикалық «Алтын тобылғы» әдеби байқауының лауреаты Бақытбек Қадыр – «Коллекционердің пәтері» әңгімелер мен эсселер жинағының авторы. Оның «Куәгерлер» новелласына бүгінгі күннің оқиғасы негіз болған. Новеллаға әдебиеттанушы ғалымдар «Новелла – шағын көлемді прозалық шығарма. Әңгімеден қиялға негізделген оқиға, әдеттен тыс сюжет пен композиция құрылымы арқылы ерекшеленеді», – деген анықтама береді. Осы пікірге сүйенетін болсақ, бұл туындыға да әдеттен тыс сюжет негізделген. Новелланың басы мен аяғындағы көріністен бүгінде телефонға телмірген замандастарымыздың қандай жағдайда да одан бас көтере алмайтындығы көрінсе, қазіргі таңда екі аяқты пенделердің адам өліміне немқұрайлы қарайтындығы өкінішті. Сыраханадан шыққан келіншекті түн ортасында басып кеткен автобустың тоқтамай қашып кетуіне, сыраханадан куәгерлікке тартылған жандардың адам өліміне соншалықты немқұрайлы қарауына, автобус тіркелген автотұрақтан өз үлесін өндірген тергеушінің тездетіп демалысқа шығып кетуінен шындыққа қарағанда қиялдың басымдығы байқалады. Дегенмен қаламгер осындай оқиғалармен адам баласының азғындауын көрсетуге тырысқан.

«Қайран әке» әңгімесіне Құмаш күйшінің шәкірті Мекеннің тағдыр тауқыметі негіз болған. Бұл әңгіме қазақ әдебиетіндегі өнер иелері мен өнер тақырыбындағы шығармалар қатарын

толықтырады. Құмаш қарт Кетбұға, Саймақ, Байжігіт, Тәттімбет, Бейсенбі тәрізді күйшілермен бірге ертеден келе жатқан аңыз күйлерді нақышына келтіріп орындаса, шәкірті Мекеннің осыларға қоса жанынан күй шығаратыны тағы бар. Сегіз-тоғыз жасында әкесі жылқышы Жанғабылдың ағашқа асылып өлгенін көрген ол өмір бойғы әкесіне деген сағынышын, мұңын қос ішекті домбыраның күйімен жеткізді. Күйге «Бірлестік» ауылының ауылнайы Жандарбайдың қос жендеті қолынан мерт болған Жаңғабыл жылқышының мезгілсіз өлімі арқау болды. Қайғы мен шерге, мұң мен налаға толы күй тыңдаушылардың көкірегі «Қайран Жәке», «Қайран әке» деп тілгілеп жатты. Осылайша күйдің аты «Қайран әке» болып тарап кетті. Автор кәрі күйшінің «Осы шертпе күй деп жүргеніміз, күй шертеміз дегеніміздің бәрі шерден шықпады ма екен...» деген сөзімен шертпе күйдің іштегі шерді шығарудан туғанына назар аударған. Күйшінің қолындағы қызыл қоңыр домбыраның әкесінің моласынан алып кеткен үлкен қызыл қарағайдан жасалғанын Мөңке шебер ғана білді. Шағын оқиғаға көп ой сыйғызған автор кеңес өкіметінің орнауын, коммунистік партияның «шаш ал десе, бас алатын» жандайшаптарды тәрбиелеп шығарғанын Жандарбайдың ісіне, оның қос жендетінің қылмысына сыйғызған.

«18:47» әңгімелер жинағымен таныс Досхан Жылқыбайдың «Матрица», «Квант» әңгімесін оқырман жылы қабылдап, қызу талқылауға айналғаны белгілі. Жинаққа енген «Квант» әңгімесі жөнінде автор ғылым атаулының бәрінің астарында Тәңірді тануға деген ұмтылыс жататынын айта келіп: «Менің теориям бойынша, Құдай адам тағдырын жазып қойған. Бүкіл нұсқаларымен. Яғни біздің әрбір жасайтын таңдауымыз, ісіміз, сөзіміз бәрі-бәрі жазылған. Тек солардың арасынан дұрысын хәм Тәңірге жағымдысын таңдап жүруге тиіс шығармыз. Ойым тұсқа келгенде гүлдеп шыға келеді. Тәңірдің ұлы жазушылық қабілетін сезінем. Мен оған осы жазушылығы үшін ғашық шығармын», – деген болатын [3]. Кез-келген шығарманың оқырманға әсері оның авторының энергиясы арқылы берілетініне көңіл аударуынан автордың физика мен әдебиетті байланыстыратыны байқалады. Әңгімеге студенттер өмірінен

алынған оқиға негіз болғанмен, автор кейіпкерлер өмірі арқылы адам баласы қиялымен бір мезгілде бірнеше жерде бола алатынын айтады. Жазушы кейіпкер өміріндегі оқиғаларды екі нұсқада қатар суреттеумен оқырманға тағдырынды өзін таңдайсың дегенді білдірген. Оны Арай мен Бекболдың оңаша кездесуі мен кездеспеуінен, Бекбол мен Кәмиланың бір-біріне деген күмәнінан, не болмаса Lang Cruiser көлігіне қатысты екіұшты ойдан көруге болады. Бір қарағанда бірге оқитын Бекбол мен Кәмиланың күнделікті тіршілігі тәрізді көрінгенмен, автор осы екі кейіпкер арқылы қазіргі жастардың таным түсінігінен хабар берген. Әңгімеден бірінші көзге түсетіні – неке қиылмай жатып жастардың ерлі-зайыптыларша өмір сүруінің дағдыға айналуы. Ұлттық тәрбиеде «Қызға қырық үйден тыйым» деген бар, жастардың соның ішінде ұлт тәрбиесіне жауапты болып табылатын қыздарымыздың салт-дәстүрді аяқ асты етуі – ұлт болашағы үшін үлкен қасірет.

Кәмилә шпаргалка пайдаланғаны үшін емтиханнан шығарылғандағы Бекболдың жағдайына үңіліп көрелік. «Бекбол қара терге түсіп отыр еді. Қазір Кәмиланың артынан шықса, екеуінің де үстінен акт толтырады. «Жүз мың айлықты сосын қайда жеткіземіз? Оның да, менің де басымда кредит. Пәтер, кредит...» [4, 35]. Бекболдың ойынан кредитте жүрсе де пәтер жалдап тұратын студенттердің әлеуметтік жағдайы аңғарылады. Қазіргі таңда ақылы оқитындардың есебінен студент саны көбейген, соның салдарынан жатақхана кез келген оқу орнында өзекті мәселенің біріне айналды. Авторлық ұстаным кейіпкердің мына сөзімен берілген: «Тағдыр – таңдау ғой. Алдымызда мың-миллион жолдар бар. Тіпті біздің санамызда күнделікті қанша таңдау туындайды – сызылған сонша жолымыз бар секілді. Олардың бір-бірімен қиылысуы қажет емес. Квант секілді. Бір сәтте бірнеше жерде бола алады» [4, 53]. Осылайша жазушы жастар өмірі арқылы бүгінгі қоғам өмірінен хабар бере отырып, өмір жолын таңдауды оқырманның өзіне қалдырған.

Прозамен бірге аудармамен айналысып жүрген Арман Әділбектің «Пойыз терезесіне түскен сағым» әңгімесіне ұзақ сапарға шыққан пойыз жолаушысының түс ішіндегі түсіне кез боламыз. Автор бастығырылып жатқан кейіпкердің түстеріне

өмір мен қоғамдық ортадағы күрмеулі мәселелерді жинақтаған. Көркем шығармадағы түс психологизмнің әдісі екенін еске алатын болсақ, автор кейіпкердің түсі арқылы оның жандүниесіне үңілген.

«Таусылмас түн» новеллалар жинағымен таныс Есбол Нұрахметтің «Жар басындағы алтын тақ» әңгімесін оқырман жылы қабылдағаны белгілі. Жинаққа енген «Тарақандар» әңгімесінде қасымызда жүрген замандастарымыздың тіршілігі шынайы бейнеленген. Тарақан қаптаған жатақханада тұрып жатқандардың барлығы – қазақтар. Жазушы шағын әңгімесімен күлкінің астында жатқан трагедияға назар аударған. Ол – жүздерінен ашу, реніш, жек көру менмұндалайтын көршілерінің қылығы. Бәрі де жатақханада уақытша тұрамын деп өздерін алдағанмен, тапжылмай отырғандарынан жүдеу күйлерін, көңілсіз көңілдерінен, балалардың орынсыз ойнап-күлмейтінінен әлеуметтік жағдайын тануға болады. Лашықта отырып, аспандағы айға қол созған кейіпкерлердің тіршілігі қазақ трагедиясы ретінде суреттелген. «Табақ бет, таңқы танау» әңгімесінде реалды, реалсыз өмір суреттері қатар бейнеленген. Кейіпкер күні бойы таңқы танау, табақ бет сары шал мен сары кемпірден қашып жүрсе, ол өзі мен әйелі болып шығады. Кездескен шал-кемпірлердің бәрінің езуінде болмашы қан дағы бар болып көрінуінен, екі жасар баланың жілігі мен он үш жасар қыздың миын тарелкаға салып берген кемпір мен әріптестері обсурд кейіпкерлер екенін еске алатын болсақ, автор олардың езуіндегі қан дағы арқылы таңқы танау, табақ бет сары шалдар мен кемпірлердің екі ұрты майға ғана емес, қанға толып жүргенін мегзеген тәрізді.

«Журналист, молда, киллер және жезөкше» әңгімесінде журналист, молда, киллер, жезөкшенің бір күндегі жасаған істерін кезектестіре суреттеу арқылы бұл өмірде осы үшеуінің қайсысы таза деген философиялық сауал тастайды. Журналист пара беруші, молда пара алушы, киллер тапсырысты орындаушы, жезөкше тәнін сатушы. Сонда қайсысының кәсібі таза? Журналист, молда, киллердің қылмысына қарап отырып, оларға қарағанда тәнін саудалаған жезөкшенің ісі таза ма деген

ой тастаған автор біздің қоғамның былығын осы төрт кәсіп иесінің күнделікті тіршілігіне сыйғызған.

Оқырманға «Махаббатым –Constant» романымен таныс Әлішер Рахат– бірнеше республика көлемінде өткен драмалық шығармалар конкурсының жүлдегері. Жазушының «Қара мысықтың қожайыны» әңгімесін оқырман жылы қабылдағаны белгілі. Жинаққа енген «Үздіксіз әуез» әңгімесіне біз өмір сүріп отырған қоғам шындығы оқырманға таныс, бейтаныс кейіпкердің тағдырымен суреттелген. Қарамай кеткен алғашқы махаббатының күйігін басу үшін мешітке барғыштап жүріп, сол жердегі «әпкелерінің» кеңесімен бір сақалды еркектің етегінен ұстаған Ризаның тағдыры оқырманға ой салары анық. Мектепті бітіре салып үлкен қалаға оқуға түскен қыздың ата-анасының алдынан өтпей бір еркектің қолынан ұстап Тараз қаласына кете баруы бүгінде арамызда жүрген көп әйел алатын «намазхандардың» тіршілігін көз алдымызға алып келеді. Алғашында албырттықпен кейін нәпсісіне ие бола алмай талай еркектің қызуын басқан, ұзын етек, ұзын жең киіп басынан орамалын тастамайтын жас қыздың сүйген жігітінің алдында былығы ашылудан қорқып өзіне қол жұмсауынан «қолмен істегенді мойынмен көтеруден» қашқаны байқалады. Жазушы шағын ауылдан үлкен қалаға келіп, түзу жолдан адасқан қыздың тағдыры тәлкекке түсуімен «қызға қырық үйден тыйым жасау» керегін еске салады. Қазіргі таңда ислам дінінің түрлі ағымдары ел арасына тарап кетті. Имандылыққа бет бұрамын деген жас қыздардың сақалдылардың ермегіне айналғанын Риза тағдырымен жеткізген. Тараздағы тар пәтерде қолына құран беріп, есікті сыртынан жауып тордағы тотықұстың күйін кешкен қыздың күйеуінің келуін сарыла күтуімен, бір төсекте жатса да өз ойын айтуға қаймығуымен олардың арасында сезімнің жоқ екенін көрсеткен. Өмірдің теперішін көрген қыздың шығарманың соңында кафеде официант болып жүріп алғашында бұйра шаш жігітпен құмарын қандырып жүрген қыз бұйра шаш сүйген жігітінің досы болып шыққан соң өзіне қол жұмсауын мұсылман діні де құп көрмейді. Жазушы Ризаның тіршілігімен бүгінде орамалға оранып жүріп, неше түрлі былыққа батқан қыздардың шынайы бейнесін көрсетуге тырысқан. Бұл – ХХІ

ғасырдағы қазақтың трагедиясы. Қазақ халқы болашақ ұрпақ тәрбиелейтін қыздардың тәрбиесіне ерекше мән берген, сол дәстүрдің аяқ асты болуы – ұлттың болашағы үшін үлкен қауіп. Бала тәрбиесі бұзылуының екінші бір себебі – жасы ұлғайған ерлі-зайыптылар арасының сууы. Азаматтардың жас иіс іздеп балаларының анасынан жеруін Ризаның ата-анасына қатысты оқиғадан көретін болсақ, сырттан жылу іздеп жүрген азаматтың өз балаларының тағдырына немқұрайлы қарауы – заман трагедиясы ғана емес, қазақтың қасіреті.

Шабыт ХХ халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің «Үздік әдеби шығарма» номинациясы бойынша Бердібек Соқпақбаев атындағы арнайы дипломы мен «Қазақ пен қала» прозалық байқауының бас жүлдегері Темірлан Қылышбектің («Лифт» әңгімесі) «Инелік жылы», «Дәрия», «Шам» әңгімелеріне бір-біріне ұқсамайтын оқиғалар арқау болған. «Инелік жылы» әңгімесінде үш жыл қатарынан бір шаштаразға баратын жас жазушы ішімдігін сілтей жүріп шаш қиятын шаштараздың дүкеншінің үстіне қайнаған су құйғанына куә болады. Қызы үйінде отырып екінші рет аяғы ауыр болған әкенің жанайқайын өзінен басқа түсінер пенде жоқ, оқырман осы оқиғадан сол қасіретке дүкенші баласының қатысы барын сезгендей күй кешеді. Арада жылдар өтсе де шаштараз тіршілігінің өзгермеуінің себебін автор оның ащы суға құмарлығынан іздейді. «Дәрия» әңгімесіне үстіне шешек шыққан әйелді қайыққа отырғызып өзеннің арғы бетіне өткізуіне куә болсақ, «Шам» әңгімесіне білтелі шам астында отырған жазушының «Құсайын сақшы» әңгімесінің жазылуы негіз болған. Үрімжі түрмесінде «Халық Республикасына қызмет қыламын!» деп жүрген Құсайын сақшының ату жазасына кесілген он екі мұсылманды атқан оғын тапсыруынан түрме күзетшісі Бао Цзиннің мұсылмандарды мұсылманға атқызу құпиясы байқалады. «Бұйрықты бұлжытпай орындайтын» Құсайын сақшының бейнесі екінші кейіпкердің: «Жарықтық ғұмыр бойы қара басын қатерге тіксе де, барша мұсылманның шыбын жанына араша түсіп, оғын аспанға аманаттап, бәрімізді тым-тырақай қашырып жіберуші еді. Қарттығында хал сұрауға да жарамадық қой», – деген сөзімен толығады [4, 127-128].

Сафина Ақтайтың бір беттік «Мүлдем жарық жанбайтын терезе», «Кемпір» әңгімелерін оқып отырғанда жазушының айтар ойын оқырманға қалдыратыны байқалады. Мұндай әдісті – әдебиеттанушы ғалымдар автор өлімі деп түсіндіреді. Қазіргі таңда қалыптасқан классикалық шығармалармен бірге оқырманның ыңғайына қарай барынша қысқартып жазу үрдісі белең алуда. Алғашқы әңгімеге өмірден түңілген, оқшауланып үйден шықпайтын Аденаның айна алдында отырып өмірі өтіп қартайып бара жатқанын көрсек, екінші әңгімеден жалғызбасты кейуананың тіршілігінен хабардар боламыз. Үйден шықпай, төсекке жата кететін екі кейіпкердің айырмасы жас алшақтығында демесең, екеуі де – өз өмірлеріне өкпелі, өмірден түңілген жандар. Олай дейтініміз, сүйгені тастап кеткен Аденаға өмірдің мәні болмаса, жалғыз тұрып жатқан кемпір де өз өміріне ренжулі. Бар ашуын тышқаннан алып, оны езіп өлтіруінен кейіпкердің өмірге деген өкпе, реніші байқалады. Кейіпкерлердің сұрықсыз тағдырына қарап отырып, аз сөзге көп мағына сыйғызуға болатынын бағамдаймыз.

«Үйге қайтамын. Шаршадым» әңгімесі де айтары көп әңгімелердің қатарынан орын алады. Өң мен түстің араласып келуінен, кеңістіктің жиі ауысуынан жазушының көркемдік ізденістері аңғарылса, екі кейіпкер тағдырынан жер планетасындағы жандардың түрлі тағдыры байқалады. Өңі мен түсін ауыстырып жүретін Узайдың жады тым нашар болғанынан оның тағдыры оңай болмағаны байқалса, шаштараз Үміт мырзаның туған жерінен «Отанын сатқандар» қатарында қашып шыққаны өз сөзімен толыққан. «Сол адамның өзегін өртеген маусымдағы түннен кейін туған жерге аяқ баса алмаймын деп кім ойлаған. Саясат бізді ойыншыққа айналдырады деп еш уақытта ойламаппын», – деген сөзіне үш жылдан бері отанына жете аламай сағыныштан ішқұса болып жүрген жанның тағдыр тауқыметі сыйып тұр [4, 134].

Жәудір Нартайдың «Ұлжан» әңгімесіне ұлттық құндылықтар арқау болған деп айтуға болады. Бір ұл, бір қызымен жесір қалған Ұлжанның өмір бойы аялдамаға келіп Алматыдағы баласын күтуіне ананың балаға деген сағынышы сыйып тұр. Іргесіндегі қызы Талшынның қолына бармай,

жалғыз отырған Ұлжанның бар арманы – Сағынтайдың қара шаңырағының түтінін шығару. Із-түзсіз кеткен баласының артынан іздеп барып, бір-екі жыл бірге тұрғанмен шайпыауыз келінге сыймай үйіне қайта келген кейуананың елдің «қызының қолында отыр» дегенінен қашып жалғыз отыруы – ұлттық құндылықтарымыздың көрінісі ретінде суреттелген. Қызы Талшынды Сәпеннің қоянтіс баласы алып қашқанда алдымен адуындап барып қызын алып қайтпақ болған оның ашуы басылған соң сабырға келіп қызына: «Мені қарабет қылмай осында қал, өлмейсің, бір ауылдың ішіндеміз. Сәпен бөтеніміз емес, көзің бақшыып қайтып келуші болма», – депбасу айтуынан қанша адуын болса да әдет-ғұрыптан аспауы көрінеді [4, 150]. Ал, Талшынның Сәпенге келін, Қалжанға жар болмай, сол түні-ақ көрші ауылдағы сөз байласқан жігітіне хабар жіберіп қашып кетуінен жастардың әдет-ғұрыпқа байланбай, сүйгеніне қосылуға деген талпынысы байқалады.

Интернатта оқып жүргенде бір бұзақы бала көзіне ине сұғып, көзін ағызып жіберген Ұлжанның өмірден көрері аз емес екен. Екі әйел жіберген Сағынтайға тиіп, одан екі бала тапқанда араққа салынған күйеуі суға батып өлсе, қалған өмірі де адам қызығарлық емес. Жазушы осы кейіпкердің өмірімен адам өз тағдырын өзі жасайтындығына назар аударған. Өзгенің де, өз баласын да үнемі «жетпегір», «қараң қалғыр», «қараң өшкір» деп сары қамшымен қуып жүретін кемпір өз баласын «Бұлай сүмірейгенше, туылмай неге кетпедің!» деп жон арқасын осып-осып жіберетін. Оны жазушы былай түсіндіреді: «Кейін Ұлжанның сол баласы мектеп бітірді, артынша Алматыға кетті, кеткенде де ұзақ кетті. Біржола кетті. Ақыры үйленіп сонда қалды. Қарашаңыраққа әкеп, келіннің жүзін де көрсетпеді. Ұлжан ұлан-асыр той жасамады. Сүйіншілемеді» [4, 145]. Жалғыз көзімен ауыл балаларына құбыжық болып көрінетін Ұлжанның тағдыры шын мәнісінде жеңіл болған жоқ. Автор әр адамның өз тағдырын өзі жасайтынын, сөздің киесі болатынын Ұлжанның өмірімен, сөзімен нанымды бейнелеген.

«Мен он төртке толғанда» әңгімесінің оқиғасы отасқанына төрт-бес жыл болған ерлі-зайыптылардың ажырасар алдындағы күндеріне құрылған. Бұл хабарды алғаш естіген он төрт жасар

қыз әпкесіне қанша ақыл айтқанмен, олар шешім жасап қойғандықтан мұны тыңдаған жоқ. Әпкесі сіңілісінің өмір туралы түсінігін аяқ асты етті. Олардың ұғымында бала болмаса ажырасу керек сияқты, сіңілісі ойлағандай бала асырап алу ойларына келмеді. Тату-тәтті тұрып жатқан жандардың ажырасуы өздеріне ғана емес, жақын адамдарына да өте ауыр болатынын олар білмеген тәрізді. Оқиға он төрт жасар қыздың көзімен баяндалған. Оның анасынан көрген, ауылдан естіген ерлі-зайыптылар туралы өз түсінігі бар. Бірақ ерлі-зайыптылардың жас қыздан ақыл сұрамайтыны өкінішті.

Жазушы, аудармашы Санжар Бекжановтың «Жоғалған қараша» әңгімесіндегі кейіпкердің өмірі мен түсінің аралас жүруінен оның тағдырына қатысты түсініксіз жайттарды аңғаруға болады. Кейіпкердің: «Әкелік мейірім мен махаббатты сезе тұрып, қара шаңырақты қаңыратып кету үшін адамның қандай есалаң болу керектігін түсіне алмаймын?!» [4, 175], - деген сөзінен әкесі анасын тастап кеткенін байқасақ, оның анасы өмірден өткенде жалғыз қалуы өкінішті. Пәтер жалдап тұратын мұғалім жігіттің тағдыры қарашаның бұлыңғыр, суық күндеріне ұқсас екенін, кофе ішіп отырғанда бейтаныс әйелдің:

– Есімің Жандос қой?

– Иә.

– Онда сенің ананның аты Айнұр», – деп жабыса кетуінің астарында кейіпкердің өзіне беймәлім үлкен құпияның жатқаны анық.

«Өліктердің уысында ериді» романының авторы, бірнеше телехикаяның сценарисі Берікбол Батанның «Жетім оқтың уақыты» әңгімесіне Брустон еліндегі бір отбасының тағдыры арқау болған. Он жеті жасар Уильям Подригтің көзімен суреттелген көл жағасында балық аулап күнелтіп отырған қарапайым отбасының бір күнде ойран болуы қарғыс атқыр соғыстың кесірі еді. Берн-Тайн мемлекеті Брустон жеріне басып кіру үшін қаруланғанда олардың әскерін командир Дорн Тернер басқарып еді. Әскер қатарына алынғанда үш жағдайда ғана атуға рұқсат етілетін жетім оқты Уильям Подриг соғыстың алғашқы күндерінде-ақ отбасын ойрандаған Дорн Тернерге сақтауда. Классикалық үлгіде жазылған әңгімеде бейбіт өмір

сүріп жатқан халықтың тынышын бұзған басқыншылардың жауыздығы суреттелген.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ прозасына үлес қосып жүрген жазушылар қазақтың арғы-бергі тарихын қаузап жүрсе, жас буын өкілдерінің шығармаларынан мазмұндық, түрлік ізденістерді байқауға болады. Жоғарыда сөз болған әңгімелерден қаламгерлердің шағын жанрға қоғамдағы шешімін күткен өзекті мәселелерді сыйғызуға ұмтылғанын баса айтуға болады. Сонымен бірге әдебиетте қалыптасқан классикалық үлгіде және фантастикалық, мистикалық, детективтік шығармалар жазып жүрген қаламгерлердің шағын жанрлармен бірге кең құлашты романдар жазуы қуантады. Жас жазушылар арасында кең құлашты шығарма жазып жүрген жастардың қатарында Әлішер Рахаттың «Паралел», «Махаббатым – Constant», Берікбол Батанның «Өліктердің уысында ериді» романдарын атауға болады. 2023 жылы ASSYLTAS қоғамдық қорының ұйымдастыруымен әдебиет аталымы бойынша Ерлан Жүніс стипендият болса, Мақсат Мәліктің «Абыл мен Қабыл», Қанат Әбілқайырдың «Ағыраптағы аты жоқ адам», Әлібек Байболдың «Мұтылған» романдары жанр талабына сай жазылғаны анықталып, аталған шығармалар 2024 жылы жарық көріп оқырманға жол тартты. Осы мысалдардан жастардың өнімді еңбек етіп жүргені байқалады.

Әдебиеттер:

1. Жақып Б. Кемел Тоқаев және ұлттық әдебиеттегі детектив жанры: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Орхон, 2024. – 122 б.
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Ана тілі», 1995.
3. Досхан Жылқыбай: «Кванттық физика арқылы Тәңірге ғашық болдым» // <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/63078/>
4. Дауыс. Әңгімелер антологиясы. – Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2022. – 192 б.